

Атырау қаласы
№ 15 Абай атындағы орта мектебі

Қазақстан экономикасының салалық құрылымы

география пәні
мұғалімі
Кубашева Л.Р

11 сынып





Бүгінгі сабақта:

Қазақстан аймақтары
шаруашылығының салалық және
аумақтық құрылымы мен
экономикалық даму көрсеткіштері
бойынша салыстырып талдауды
үйренесіздер



Қазақстан шаруашылығының қалыптасу кезеңдері



Дәстүрлі экономика (б.з.д. I мың ж.басы – XIX ғ) кезеңінің ерекшеліктері

- ✓ Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды;
- ✓ Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің негізінде дамыды;
- ✓ Негізгі кәсіп – көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығы;
- ✓ Мал жеке меншікте, жайылым қауымдық меншікте болды;
- ✓ Мал шаруашылығымен бірге егін салу, қолөнер кәсіпшілігі де дамыды;
- ✓ Өнім тұтыну сипатында ғана болды;
- ✓ Айырбас сауда қосымша рөл атқарды.



Нарықтық экономиканың пайда болу (XIX ғ. ортасы – 1920 ж. аяғы) кезеңінің ерекшеліктері

- ✓ Жеке меншік;
- ✓ Тауар шаруашылығы мен еркін (нарықтық) баға;
- ✓ Тауар-ақша қатынасының дамуы;
- ✓ Жәрмеңкелер кеңінен ұйымдастырылды;
- ✓ Айырбас сауданы ақшалы сауда ығыстыра бастады;
- ✓ XIX және XX ғ. темір жолдардың салынуы Қазақстан шаруашылығын жалпыресейлік және әлемдік нарықпен байланыстыруға қол жеткізді;
- ✓ Тау-кен және фабрика-зауыт өндірісі пайда болды.




Жоспарлы экономика кезеңінің (1920 ж.аяғы – 1990 ж.басы) ерекшеліктері

- ✓ Мемлекеттік меншік пен шаруашылық қызметті жоспарлау;
- ✓ Орталықтан түсетін мемлекеттік жоспар;
- ✓ Баға қоюды, өнімді таратып бөлуді үкімет жүзеге асырды;
- ✓ Дамыған индустриалды-аграрлық экономика құрылды;
- ✓ Индустрияландыру мен тың игеру болды;
- ✓ Қазақстан өнімнің көптеген түрлері бойынша КСРО-да алдыңғы орындардан көрінді.
- ✓ Бидайдың әрбір жетінші тоннасын Қазақстан егістіктері өндірді.

Қазақстан цифрлық мәліметтерде: 1913–1990 жж.

	1913 ж.	1940 ж.	1990 ж.
Халық, млн адам	5,6	6,1	16,8
Өндіріс:			
мұнай, млн т	0,12	0,7	25,8
көмір, млн т	0,09	7,0	131,0
электр қуаты, млрд квт/сағ	0,001	0,6	87,4
аяқ киім, млн	0,01	1,2	36,5
мата, млн м ²	0,14	0,5	255
астық, млн т	2,2	2,5	28,5
ет, мың т	441	224	1560
жүн, мың т	43	13	108
Мал басы, (млн бас):			
қой және ешкі	19,6	7,9	35,7
ірі қара малы,	5,0	3,3	9,8
Жолдардың ұзындығы (мың км):			
темір жол	2,1	6,6	14,5
автомобиль жолы, мың км	0,1	1,1	87



Нарықтық экономикаға өту (1990-ж.басынан бастап) кезеңінің ерекшеліктері

- ✓ Экономикалық іс-әрекетке еркіндік беру;
- ✓ Мемлекеттік меншікті жеке иеліктерге беру, яғни жекешелендіру;
- ✓ Шет елдермен жан-жақты шаруашылық байланыстарын қалыптастыру;
- ✓ Ұлттық және басқа банктердің құрылуы;
- ✓ Төл теңгенің енгізілуі;
- ✓ Кәсіпорындарды шет елдік компаниялар басқаруына беру.



Экономика құрылымы

Экономика – бірнеше деңгейі (секторы) бар күрделі жүйе.

Экономика секторлары

Экономиканың
төртінші секторы

- Басқару және ғылым
- Қаржы

Экономиканың
үшінші секторы

- Қызмет көрсету, көлік
- Сауда, байланыс

Экономиканың екінші
секторы

- Өңдеуші және қайта өңдейтін өнеркәсіп


Экономиканың
бірінші секторы

- Табиғатты пайдаланатын бастапқы салалар

* Қазіргі Қазақстан экономикасының құрылымы



Қазақстанның экономикалық аудандары



Географиялық еңбек бөлінісі – жекелеген аудандардағы өнеркәсіп салаларының және ауыл шаруашылығының қалыптасу мүмкіншілігін анықтайды.

Мамандану ұғымы

Мамандану – белгілі бір өнім шығаруға аймақтың экономикасының бағытталуы.

Мамандану коэффициенті: $K = \Theta / X$

Θ – мемлекеттің жалпы өндірісіндегі аудан өнімінің үлесі

X – халық саны.

Егер 1-ге тең болса, саланы маманданған сала деп есептеуге болады.

Тапсырма

Солтүстік Қазақстанда көмір үлесі 63%

Халық санының үлесі 21%

Мамандану коэффициенті қанша болады?


Жауабы:

$$63:21=3$$

Батыс экономикалық ауданы

Құрамы: Ақтөбе, Атырау,
Маңғыстау, Батыс Қазақстан

Мамандануы: Маңғыстау мен
Атырау облыстары мұнай, газ,
балық өнеркәсібіне, Ақтөбе,
Батыс Қазақстан облыстары
хром, никель, минералды
тыңайтқыштар өндіруге
маманданған.



Шығыс экономикалық ауданы

Құрамы: Шығыс Қазақстан облысы

Мамандануы: түсті металлургия мен арзан су электр энергиясын өндіру, машина жасау, орман шаруашылығы. Шығыс Қазақстанда Қазақстандағы ірі СЭС-тар мен түсті металдың мол қоры бар.



Орталық экономикалық ауданы

Құрамы: Қарағанды облысы


Мамандануы: кокстелетін көмір, темір, марганец, мыс кені өндіріледі. Қара металлургия – шойын, болат, прокат. Түсті металлургия - мыс өндіру. Машина жасау, мал шаруашылығы дамыған.



Оңтүстік экономикалық ауданы

Құрамы: Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, Алматы облыстары.

Мамандануы: суармалы жерлерде техникалық дақылдардан мақта, қант қызылшасын, күріш пен басқа дәнді дақылдар өсіріледі. Сондай-ақ, түсті металлургиялық шикізат өндіру орталықтары бар, жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамыған.



Солтүстік экономикалық аудан

Құрамы: Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Ақмола облыстары.

Мамандануы: астық шаруашылығы, темір кені мен тас көмір өндіру, машина жасау, ферроқорытпа және энергетика



Тапсырма

Қазақстанның экономикалық аудандары шаруашылығының салалық құрылымын анықтап, кестеге толтырыңыздар.

№	Экономикалық аудан	Маманданған Салалары	Қосалқы салалар
1	Орталық Қазақстан		
2	Шығыс Қазақстан		
3	Ұқсастықтары		

Тапсырма

Карта бойынша анықтаңыз:



1. Қай экономикалық аудан барлық экономикалық аудандармен шектесетінін анықтаңыз.
2. Қай экономикалық ауданда теңіз қатынасының жолы жақсы дамыған?
3. Қай экономикалық аудан Қытаймен және Ресеймен шектеседі?
4. Қай экономикалық аудан Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстанмен шектеседі?
5. Қай экономикалық ауданның географиялық орналасу жағдайы шет мемлекеттермен байланысуға қолайсыз?
6. Қай экономикалық аудан тек Ресеймен шектеседі?

Қорытынды



**Қазақстан аймақтары
шаруашылығының салалық
және аумақтық құрылымы мен
экономикалық даму
көрсеткіштері бойынша
салыстырып талдауды
үйрендіңіздер**